

Акишева Ж.С.
**Лирикалық циклдың
қалыптасу мәселелері**

Мақала цикл қалыптасу мәселелеріне арналған. Лирикалық циклдың жанрлық түрін қалыптастыратын теориялық аспектілері мен әртүрлі компоненттер қарастырылып сипатталады. Мақала авторы жанрдың жасалу тарихын қозғайды. Лирикалық цикл 20 ғасырдың басында пайда болған жанр ретінде қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде лирикалық циклдың жанрлық түрінің негізінде жатқан ұстанымдар және олардың дамуы мен түрлі зерттеулерде берілуі алынған. Хронологиялық және ахрондық сияқты цикл құрушы ұстанымдар қарастырылады. Лирикалық сюжет мәселесі мен лирикалық прозаға айналуы үдерісі талданады. Мақалада лирикалық циклдың жанрлық түрлері мен айырмашылықтары жан-жақты сипатталады.

Түйін сөздер: лирикалық цикл, жанр тұтастығы, өлең, шығарма, автор, лирика, поэзия, кітап жанрлық формасы.

Akischeva Zh.S.
**The problem
of cyclus forming**

The article is devoted to the problem of cyclus forming. Theoretical aspects, different components composing genre form of lyrical cyclus, the role of plotline, primary and secondary cycli are considered and characterized in the article. The author refers to the history of the genre. The lyrical cyclus is considered as a genre that arose in the early 20th century. The principles that underlie the genre form of lyrical cyclus, their development reflected in different approaches and reaserches are the object of analysis. Various cyclus forming principles, such as chronological and unchronological are considered. The problems of lyrical plotline, the process of turning prose to lyrics are the main aspects of the analysis. Similarity and difference of genre forms of lyrical cyclus and the book of poetry are described in details in the article.

Key words: lyrical cyclus, genre unity, poem, fiction, author, lyrics, poetry, genre form of a book.

Акишева Ж.С.
**Проблемы формирования
лирического цикла**

Статья посвящена проблеме циклообразования. Рассматриваются и характеризуются теоретические аспекты, различные компоненты, формирующие жанровую форму лирического цикла, роль сюжета, первичные и вторичные циклы. Автор обращается к истории жанра. Лирический цикл рассматривается как жанр, возникший в начале XX века. Объектом анализа являются принципы, которые лежат в основе жанровой формы лирического цикла, их развитие, отраженное в различных подходах и исследованиях. Рассматриваются разные циклообразующие принципы, такие как хронологический и ахронный. Аспектами анализа являются проблема лирического сюжета, процесс прозаизации лирики. В статье подробно описываются сходство и различие жанровых форм лирического цикла и книги стихов.

Ключевые слова: лирический цикл, жанровое единство, стихотворение, автор, лирика, поэзия, жанровая форма книги.

**ЛИРИКАЛЫҚ
ЦИКЛДЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ
МӘСЕЛЕСІ**

«Цикл» поэтикалық түсінік ретінде ХУІІІ-ХІХ ғасырлар тоғысында Еурапалық өнер теориясында пайда болды. «Цикл» түсінігі кеңінен қолданыла бастағанымен (романтизм дәуірінің қайраткерлері жазысқан хаттарда, әдеби-сыни көзқарастарда жиі кездеседі), ол циклды поэтикалық түсінік ретінде нақтылауға ештеңе қоса алмайды. Дәуірдің сыни санасы нақты әдеби үдерістен қалыс қала бастайды. Сол кезеңнің көптеген шығармалары циклдық шығармаларға жатса да, олай аталмаған.

Мәселен, И.В. Гетенің бай тілінде болғанымен, өзінің өлеңдер жинағын ешқашан «цикл» сөзімен атаған емес. Оның орнына басқа атаулар қолданылған. Қазіргі «цикл» деп аталып жүрген дүниелерді ХІХ ғасырдың бірінші жартысында «ерекше поэмалар» немесе «лирикалық романдар» деп атауды жөн көрген. ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропа поэзиясында тек Г.Гейне өзінің «Солтүстік теңіз» шығармасын «бірінші» және «екінші» циклдарға бөлген. Әдебиеттегі циклдық формалардың әр түрлі белгіленуі жалпы еуропалық контексте олардың ұлттық тілдік варианттарының болуы да мүмкін екендігін айтуымыз қажет. Мысалы, ХІХ ғасырдың І жартысындағы француз поэзиясында циклдар «өлеңдер ансамблі» (француз тілінен Ensemble «тұтастық, жиынтық, жүйе» дегенді білдіреді) деп аталған.

ХХ ғасырдың басында ақындар көркем циклдануды символисттердің өмірге көзқарасы тұрғысынан түсіне бастайды. Яғни цикл әлемнің нақты әрі концептуалды түсіндіруді талап ететін әмбебап қалыбы ретінде танылған. Бұл айналымдағы маңызды нәрсе «тұтастық» болып табылады, ол өзіне бөлімдерді «бағындыра отырып», оларды өзін қалыптастыратын, дамытатын, қызмет етуге мүмкіндік беретін құбылысқа айналдырады. Сөйтіп, жеке өлең тұтастың бөлігі ретінде танылады. Әлемнің көркем образын ақындар жеке шығармаарқылы ғана емес, сондай-ақ шығармалар «ансамблі» арқылы бейнелейді. Сондықтан лирикалық шағармашылықтың тек шағын емес, лирикалық цикл, лирикалық поэма, өлеңдер кітабы сияқты көлемді формалары да қолданылған. Бұл жөнінде орыс ақыны В.Брюсов былай жазады: «Өлеңдер кітабы (жинағы) түрлі өлеңдердің кездейсоқ жинағы емес, бір ойдың төңірегіндегі тұтас кітап болуы керек. Өлеңдер кітабының мазмұны роман, трактат сияқты бірінші

бетінен соңғы бетіне дейін ретімен баяндалады. Жалпы байланыстағы өлеңдердің біреуін жұлып алу кітаптың бір бетін жұлып алғанмен бірдей. Өлеңдер кітабының бөлімдері бір-бірін толықтыратын, түсіндіретін, орындарын ауыстыруға келмейтін тараулар болып табылады» [1].

Сонымен, ЛЦ тұтастығы XIX-XX ғасырлар тоғысында өлеңдер түріндегі жеке бөлімдерден не тараулардан тұратын «үлкен шығармаға» тең тұтастық ретінде танылған. Сондақтан сол кезеңдегі ақындар тәжірибесінде циклдың ірі эпикалық немесе лиро-эпикалық формалармен ұштасқан тікелей үлгілері кездеседі.

Ендеше, XIX-XX ғасырлар шегінде лирикалық цикл деп жалпы өмірге деген көзқарасты білдіретін («ішкі жан дүние поэмасы», «поэтикалық идеология», «роман» немесе өлең түріндегі «трактат»), автордың көркем дүниесінің еркіндігін көрсететін өзара тығыз байланысқан өлеңдер жиынтығын түсіне бастайды.

XX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеушілер (В.А. Сапогов, И.В. Фоменко, М.Н. Дарвин, С.Д. Абишева) [2, 3, 4, 5] лирикалық циклды тақырыбы жағынан топтасқан өлеңдер мен поэма арасындағы жаңа жанр, авторлық контекст ретінде қарастырады. Бұлардағы өлеңдер бірлігі автордың ойы арқылы анықталады, ал жеке өлең мен циклдың ара қатынасын элементпен жүйе арасындағы байланыс ретінде қарастыруға болады. Циклдың міндетті белгілерінің бірі ретінде автордың циклға берген атауын және бірнеше басылымдағы мәтіннің тұрақтылығын атауға болады. Әдебиеттанудағы күрделі мәселе – көркем циклдың тұтастығы жайындағы мәселе. Циклды ішкі мазмұны жағынан тұтас болып табылатын дербес көркем шығармаға ұқсайтын дүние ретінде қарастыруға бола ма деген сұраққа біржақты жауап беру мүмкін емес. Себебі цикл дегеніміз түрлі сападағы көп қырлы құбылыс. Олардың біреулері тұтас шығарма түрінде көрінсе, екіншілері – еркін топтасқан дүниелер. Автордың мақсатына байланысты болып келеді.

Көркем циклдық форма мен жеке әдеби шығарманың тұтастығы бірдей емес. Циклдағы жеке шығарма әдеби шығарманың бөлімдерімен тепе-тең деуге болмайды. Әдеби шығарманың бөлігі үзінді немесе фрагмент түрінде ғана шығармадан тыс өмір сүре алады. Ал цикл құрамындағы жеке шығармалар өз дербестігін, көркемдік статусын циклдан тыс жағдайда да сақтай береді. Сондықтан циклдық форманың тұтастығы оның құрамындағы көркем шығармалардың тұтастығына негізделеді. Циклдық форманың тұтастығы оны құрайтын элемен-

ттердің тұтастығын сақтай отырып жасалады. Бұдан циклдың бөліктерінің (жеке өлеңдердің) және жалпының (жалпы циклдың) тепе-теңдігін байқауға болады. Циклдың тұтастығы оны құрайтын элементтердің құрылымдық дербестігі деңгейіне тікелей тәуелді. Сондықтан контекстегі әр өлеңнің дербестік тұтастық сияқты маңызды белгі болып саналады.

Циклдың тұрақты, қалыпты, бізге «белгілі» жанрларының, белгілерінің жоқтығы циклдық форманың табиғатын анықтауда қиындық туғызатын жағдай. Циклдық форма көркем шығармалардың жиынтығы болғандықтан, ірі жанрлық формаларға жатады. Сондықтан ол түрлі жанр, мәселен, поэма, роман элементтерінің пайда болуына жол береді. Бұл соңында аталған жанрлардың таза бір түрінде жазуға болмайтынын көрсетеді. Кейбір зерттеушілер көркем циклды жанр емес, құрамындағы элементтері түрлі көркем әсер беретін көркем жүйе деп санайды. Осыған байланысты зерттеуші А.В. Михайлов Гетенің «Батыс-шығыс диваны» («Западно-восточный диван») туралы былай жазады: «Шығарманы құрайтын мәтіндер арасындағы ішкі байланыстың түрлерін толық анықтау мүмкін емес, себебі ол байланыстар әрбір оқу актісі сайын жаңадан көрініп отыруы қажет. Гете шығарманың жалпы идеясын көрсетуді де назардан тыс қалдырмаған» [6, 172].

Сонымен, циклдық форма дегеніміз жеке шығармалар шегінде пайда болатын, жалпы идеямен байланысты, көркем тұтастықтың динамикалық бейнесін жасайтын форма.

Циклдар авторлық және авторлық емес деп бөлінеді. Авторлық (алғашқы) деп жеке шығармалар мен жалпы цикл авторларының бір адам болуын айтамыз. Авторлық емес (екінші) циклда жеке шығармалар авторы мен барлық циклдық құрылым авторы бір адам болмауы мүмкін. Әдебиет тарихында авторлық емес циклдар оқырмандардың қатысуымен (жазушылар, әдеби сыншылар) жасалған кездері де бар.

Авторлық емес циклдардың тағы бір тобын «жинақталмаған» деп аталған циклдар құрайды. Олар кейбір ақындар шығармашылығында биографиясына байланысты топтасқан дүние түрінде көрінеді.

Циклдың аталған түрлерінің әрқайсысының жасалу принциптері мен мүмкіндіктері бар. Авторлық циклдар тұтас болып келеді. Кейде олардың құрамындағы шығармалар арасындағы байланыс оларды ірі лирикалық формадағы шығармаға, ірі поэтикалық жанрларға жақындата түседі.

Цикл құрамындағы жеке шығармалар байланысы мен олардың байланысу реті, тәртібі шешуші рөл атқарады. Циклдық форманың ішкі құрылымы монтаждық құрылымға жақын. Монтажды эффектін мағынасын С.Эйзенштейннің формуласы түсіндіреді: $1+1>2$. Көркем циклдың мәні бір шығарманың екінші шығармамен байланысу шегінде туындайды.

Циклданудың түрлі құбылыстары халық ауыз әдебиетінде кең тараған. Көптеген фольклорлық шығармалар циклдық құрылымды болып келеді. Мысалы, әдеп-ғұрып поэзиясы табиғи құбылыстардың ритмін көрсететін цикл. Көркем циклданудың түрлі құбылыстары өнер дамуының алғашқы сатыларында пайда болады. Уақытты архаикалық сезіну антикалық әдебиетте, орта ғасыр және Өрлеу дәуір әдебиетінде көрініс тапқан.

Еуропа әдебиетіндегі лирикалық циклдар Рим элегиктерінің Катулл, Проперций, Тибулл, Овидий шығармашылығынан көрінеді.

Өрлеу дәуірінде – Петрарканың шығармашылығында («Канцоньере кітабы»), В. Шекспирдің сонеттер циклы. Жаңа дәуір поэзиясында поэтикалық циклдарды Гете, Новалис, Шамиссо, Ленау, Гейне, Блейк, Гюго, Бодлер, Верлен шығармашылығында кездестіруге болады, ал XX ғасыр поэзиясы үшін циклдану шығармашылық нормасы болып табылады.

Алдымен өлеңдер жанрлық принцип бойынша жинаққа кіреді. Бұндай жинақты лирикалық циклдың жанрлық формасына қарай жасалған алғашқы қадам деп санауға болады. Кейін циклданудың жаңа хронологиялық принципі пайда болады. Өлеңдерді лирикалық цикл құрамына енгізе отырып, суретші лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесінің динамикасын көрсете алады. Осылайша «күнделік» сипатындағы циклдар пайда болады. Махаббат лирикасы циклға күнделік түрінде кіреді. Оларда өлеңдердің жазылған күні мен айы көрсетіледі. Өлеңдер лирикалық кейіпкердің ішкі сезімдерін көрсететін қысқа түрде келеді. Хронологиялық принцип цикл құрудағы бір ғана принцип емес. XX ғасырдың басынан циклдауға бұл принцип қосымша принцип ретінде қолданыла бастайды.

XX ғасырдың басындағы орыс ақыны А. Белый цикл құрамындағы өлеңдерді хронологиялық тәртіппен түзу циклдың жанрлық табиғатын анықтай алмайды деп санайды. А.Блоктың лирикалық цикл құрудағы хронология мәселесін қарастыру барысында қазақстандық зерттеуші А.Э.Зелинский хронологиялық тәртіпті бұзуды «ахрондық» деп атайды. Оның айтуынша,

ахрондық – кездейсоқ құбылыс емес, ол цикл құрудағы өзін көрсеткен принцип [7].

Сонымен, XX ғасырдың басындағы әлем поэзиясында бұрыннан келе жатқан хронологиялық принциппен қатар ахрондық («минус-принцип») принцип те қолданыла бастайды. Кейбір ақындар өз өлеңдерін мүлдем даталамаған. ЛЦ құру барысында хронологияға деген нигилистік көзқарас болған.

Негізінде хронологиялық принцип жатқан құрылымдардың түрлі принциптері ЛЦ жанрлық формасының түрлі жолдармен жасалғандығын көрсетеді. ЛЦ құрамында әр өлеңнің өз орны болады, оның орны жазылған уақытына қатысты емес. Бірақ ЛЦ құрамындағы өлеңдер лирикалық сюжеттің негізін құрайтын ішкі хронологияға бағынады.

Лирикалық шығармаға қатысты айтылатын «сюжет» түсінігі туралы да бірізді пікір жоқ. Зертеушілер лирикалық шығармалардың сюжеті болмайды деген пікірді ұстанады. Бірақ қазіргі кезде зерттеушілер лирикадағы сюжетті мойындап, «лирикалық сюжет» деген түсінікті қолданып жүр. Лирикалық сюжеттегі оқиға – сезім, оның дамуы.

XX ғасырдың басындағы поэзия дәуірінің көрінісі әр түрлі. XIX ғасырдан бастап поэзия тіліне прозаизмдердің кіру үдерісі байқалады. Поэзия стилінің прозаға айналуы, зерттеушілердің көрсетуінше, өлең жанрының романдануына әкеліп соқты. Д.М. Магомедова [8] XX ғасырдың басында лирикалық өлеңдер сыртқы жанрлық, стильдік түрден лирикалық жанрдың ішкі терең түріне ауысқанын айтады. Бұл процестің негізгі белгісі – прозаикалық сюжеттің лирикалық фрагментке айналуы. Бұндай фрагментте эпостың родтық ерекшеліктері сақталады. ЛЦ дегеніміз эпикалық родтың кейбір белгілері мен лирика жанрының қосылуы. Ендеше, лирикалық цикл аралық жанрға жатады. Лирика үшін оқиға мен лириканың ара-қатынасы тән.

В.А. Сапогов [2] ЛЦ сюжеттің берілу механизмі туралы жазады. ЛЦ тұтастығы өлеңдерді лирикалық сюжеті арқылы топтастыру нәтижесінде жүзеге асады.

Сонымен, ЛЦ сюжет жасау жағынан күрделілігімен сипатталады. Циклдың сюжеті бірнеше деңгейлі болады:

1. Көркем циклдың хронологиясы мен датасының қызметі маңызды болып келеді. Олар шығарманың жазылу уақытын білдіріп қоймайды, құрылымына да әсер етеді. Сондықтан хронология – лирикалық циклдың сюжет

жасау компоненттерінің маңызды бөлігі болып табылады.

2. Циклдағы келесі, негізі, сюжет жасайтын компонент – жеке өлеңдердің сюжеттерінің бірігуі. ЛЦ ситуациялар мен оқиғалардың байланысу механизмінің күрделілігі деңгей ішіндегі сюжеттің құрылымдық көпқұрамдылығын анықтайды. Құрамына лирикалық сюжет пен оқиғалық сюжеттер араласып кіре алады.

3. ЛЦ сюжетін жасаудағы үшінші деңгей – семантикалық деңгей циклдың тілдік ерекшеліктерінен көрінеді[9].

Демек, циклдың сюжеті эпикалық реттілікке бағына отырып, лирика шекарасынан шықпайды.

Көркем уақыт пен кеңестік лирикалық цикл құрудағы маңызды компоненттер болып табылады. Көркем уақыт пен кеңестік циклдың басқа компоненттерінің нақтылана түсуіне орай қызметін арттыра түседі. Ақын шығармашылығындағы историзм цикл жасау үрдісін күшейте түседі. ЛЦ нақты уақыт пен кеңестік бұл жанрлық форманың аяқталғанын көрсетеді, себебі цикл лирик ақынның эпикалық формаларды іздестіруін білдіреді.

ЛЦ ұқсайтын жанрлық форма – кітап. Өлеңдер кітабы жеке жанр ретінде ғалымдар арасында бірден «танылған» жоқ. Бұған М.Н. Дарвиннің еңбектері дәлел бола алады. Ол кітап («кітапша») туралы былай жазады: «Циклдар ақындардың өз шығармашылығын өлеңдер кітабы немесе поэтикалық жинақ ретінде көрсетуінің нәтижесінде пайда болады. Бұндай циклдар құрамындағы өлеңдердің өзара байланысы тығыз болмағанымен, оларды цикл қатарына жатқызуға негіз бар» [4, 72]. 1995 жылғы «Лирикадағы цикл құру» атты докторлық диссертациясында ғалым бұл түсініктерді бір-бірінен ажыратып, оларды жеке-жеке қарастырады. Дегенмен, кітап циклдық құрылымдардың құрамындағы «буын» түрінде көрінеді. Бұндай көзқарас цикл мен кітаптың арасындағы генетикалық байланысынан туады. Екі жанрдың екеуі де бір ғана құбылыстың әдеби, эстетикалық мазмұны бар циклдың түрлері болып табылады.

Цикл мен кітаптың ұқсастығы – белгілі бір контекстің, түрлі жанрлық шығармалардың негізіндегі жаңа жанрлық бірліктің жасалуында. Цикл мен өлеңдер кітабының осы ерекшелігі олардың синоним ретінде қолданылуына итермелейді. Олардың ара-жігін ашу үшін, ең алдымен, «цикл» сөзінің қолданылу мағынасын айқындап алу қажет. Бұл түсініктің тар мағынасы – жанрдың атауы ретінде, немесе кең мағынадағы

жалпы циклдық форманың атауы ретіндегі қолданысын ажырата білуіміз қажет.

Біріншіден, ЛЦ мен өлеңдер кітабының арасындағы айырмашылық автор идеясының берілу жолдарында. Цикл, өлеңдер кітабымен салыстырғанда, екі түрлі жолмен құрылады: 1. циклдың алдын-ала бір тақырыпқа негізделуі (М.Н. Дарвиннің анықтауынша, «алғашқы цикл»); 2. циклдың әр уақытта жазылған өлеңдерден құрылуы («екінші цикл»). Ал өлеңдер кітабы екінші жолмен ғана құрылады. Ақын өлеңдер кітабы жазбайды, құрастырады. Бірақ бұл қарапайым редакторлық құрастыру емес, өлеңдерді көркем кітапқа жанақтау процесі, шығармашылық процесс. Кітап құрастыру идеясы белгілі бір тұтас эстетикалық концепцияға ұласатын ойлардың, идеялардың көбейген кезінде туындайды. Осы жерден оның циклдан екінші, яғни мерзімі, шығармашылықтың қорытындысы жағанан айырмашылығы пайда болады. Өлеңдер кітабы мәні жағынан ақынның әдеби өміріндегі шығармашылығының белгілі уақыт ішіндегі нәтижесі (рухани және заттанған) болып табылады. Бұны кітаптың баспа дүние ретінде дүниеге келуі дәлелдей түседі. Бұл тұрғыдан алғанда цикл өлеңдер кітабының тұтас концепциясын құрайтын буын ретінде қарастыруға келмейді.

Үшінші екеркішілігі –циклдың/кітаптың құрамы мен құрылымы. ЛЦ құрамына өлеңдер кіреді. Кітаптың құрамына өлеңдер ғана емес, циклдар, бөлімдер, тараулар кіруі мүмкін. Демек, цикл өлеңдер кітабының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ендеше, бұл екі түсінік өзара жалпы және бөлшек түрінде болда алады. Кітаптың композициялық құрылымы циклға қарағанда күрделі болып келеді. Ол тематикалық контраст немесе тематикалық ұқсастығы бойынша құрылады (цикл үшін де, кітап үшін де өлеңдердің өзара байланысы – ассоциациялық принцип тән). Циклдық формалардың айырмашылығын көрсететін төртінші белгі – баяндау предметі. Цикл әлімнің бір жағын немесе сезімдік толқуларды суреттесе, кітап болмыстың түрлі құбылыстарын толық көрсетеді. Кітаптың идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымы кең, себебі циклға моноидеялық, монотематикалық тән. Егер циклды белгілер құрылымы түрінде қарастырсақ, ол әлемнің бір бөлігінің орнына жүреді. Ал кітап жалпы әлемнің орнын баса алады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында кітаптың жанрлық табиғаты күмән тудырмайды. Бірақ өлеңдер кітабының жанр түріндегі терминдік аталуы тұрақсыз.

И.В. Фоменко [5] өлеңдер кітабын жанр деп атағанымен, өзара байланыстағы жеке өлеңдердің бірлігі ретінде түсінеді. Қазіргі кезде өлеңдер кітабына қатысты жанр деген түсінік бекімеген. Кітапты «метажанр» деп атайды.

Өлеңдер кітабы – лирикадағы метаструктуралық жанрлық құрылым. Кітаптың жанрлық белгілері оның авторлық құрамы мен құрылымы. Өлеңдер кітабын жанр ретінде тану үшін көркем тұтастық критерийі негізгі рөл атқарады. Басқа жанрлар сияқты, кітап та автор түсінігіндегі әлемнің көркем бейнесін (моделін) көрсетеді.

Өлеңдер кітабы жинақтан автордың әлемдік көркем концепциясының эстетикалық жағынан жүзеге асуы арқылы айрықшаланады. Өлеңдер кітабы жеке жанр ретінде ғалымдар арасында бірден танылған жоқ.

Сонымен, көркем сананы күрделендіру ХХ ғасырдың басында күрделі формаларға негізделеді, солардың бірі – лирикалық цикл. Цикл мәселесінің пайда болғанына аз уақыт өтсе де, циклтанудың көптеген салалары терең әрі негізді зерттелген Циклтанушылар лирикалық циклдың теориясын да, тарихын да қарастырып жүр.

Әдебиеттер

- 1 Брюсов В. Собрание сочинений в 7 томах. – М.: Художественная литература, 1973-1975. – Т. 1. – С. 604-605.
- 2 Сапогов В.А. Сюжет в лирическом цикле // Сюжетосложение в русской литературе. – Даугавпилс, 1980. – С. 90-97.
- 3 Фоменко И.В. Лирический цикл: становление жанра, поэтика. – Тверь: ТТУ, 1992. – 124 с.
- 4 Дарвин М.Н. Проблема цикла в изучении лирики. – Кемерово, 1983. – 105 с.
- 5 Абишева С.Д. Поэтическая система «мир природы»: структура и смеантика. – Алматы: АГУ им. Абая, 2002. – 268 с.
- 6 Михайлов А.В. Языки культуры: Риторика и история искусств. – М.: Языки культуры, 1997. – 315 с.
- 7 Зелинский А.Э. Лирические циклы и проблема циклизации творчества В. Брюсова. – Изд-во Дальневосточного университета, 1991. – 118 с.
- 8 Магамедова Д.М. Анненский и Ахматова (к проблеме романизации лирики) // Царственное слово: Ахматовские чтения. – Вып. 1. – М.: Наследие, 1992. – С. 135-140.
- 9 Ляпина Л.Е. Текст и художественный мир произведения (к проблеме литературной циклизации) // Литературный текст: Проблемы и методика исследования. – Тверь, 1994. – С. 135-144.

References

- 1 Bryusov V. Sbranie sochinenij v 7 tomah. – M.: Hudozhestvennaya literatura, 1973-1975. – T. 1. – S. 604-605.
- 2 Sapogov V.A. Syuzhet v liricheskom cikle // Syuzhetoslozhenie v russkoj literature. – Daugavpils, 1980. – S. 90-97.
- 3 Fomenko I.V. Liricheskij cikl: stanovlenie zhanra, poehtika. – Tver': TTU, 1992. – 124 s.
- 4 Darvin M.N. Problema cikla v izuchenii liriki. – Kemerovo, 1983. – 105 s.
- 5 Abisheva S.D. Poehiticheskaya sistema «mir prirody»: struktura i smeantika. – Almaty: AGU im. Abaya, 2002. – 268 s.
- 6 Mihajlov A.V. YAzyki kul'tury: Ritorika i istoriya iskusstv. – M.: YAzyki kul'tury, 1997. – 315 s.
- 7 Zelinskij A.EH. Liricheskie cikly i problema ciklizacii tvorchestve V. Bryusova. – Izd-vo Dal'nevostochnogo universiteta, 1991. – 118 s.
- 8 Magamedova D.M. Annenskij i Ahmatova (k probleme romanizacii liriki) // Carstvennoe slovo: Ahmatovskie chteniya. – Вып. 1. – М.: Nasledie, 1992. – S. 135-140.
- 9 Lyapina L.E. Tekst i hudozhestvennyj mir proizvedeniya (k probleme literaturnoj ciklizacii) // Literaturnyj tekst: Problemy i metodika issledovaniya. – Tver', 1994. – S. 135-144.